

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ МУЗЕЙ-ЗАПОВЕДНИК
«АЗРЕТ СУЛТАН»

MINISTRY OF CULTURAL AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
«AZRET-SULTAN» STATE HISTORICAL AND CULTURAL RESERVE MUSEUM

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІН ЖӘНЕ ӨНЕРІН ДАМУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМЫ
(ТҮРКСОЙ)

МЕЖДУНАРОДНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ «РАЗВИТИЯ ТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЫ И
ИСККУСТВА» (ТЮРКСОЙ)

DEVELOPMENT OF TURKIC CULTURE AND ART INTERNATIONAL
ORGANIZATION (TURKSOY)

«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»

халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы

Международная научно-практическая конференция

«НАСЛЕДИЕ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ТУРКЕСТАН»

«THE HERITAGE OF KHOJA AHMET YASAWI AND TURKESTAN»

International Scientific and Practical Conference

30-31

Қазан, Октябрь, October

Түркістан – 2017

МАЗМҰНЫ

| | |
|---------------------------------------|---|
| Арыстанбек Мұхамедиұлы. Құттықтау сөз | 3 |
| Ахметжанов Нұрболат. Алғы сөз | 4 |

Пленарлық мәжіліс

| | |
|---|----|
| Кахаров Н.Н. <i>Традиции религиозного паломничества в контексте современных взглядов на суфизм.</i> | 6 |
| Саттарова Л.И. <i>Тюркской и взаимодействие музеев тюркского мира.</i> | 12 |
| Тұяқбаев М.Қ. <i>Түркістан.</i> | 20 |
| Қаратышқанова Қ.Р. <i>Ахмет Ясауи хикметтеріндегі діни тасауфтық ұғымдардың түсіндірмелері.</i> | 31 |

СЕКЦИЯ I. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен Түркі-Ислам өркениетінің сабақтастығы

| | |
|--|-----|
| Кенжетай Д. <i>Ясауи ілімінің мәні – ар мен имандылық</i> | 36 |
| Жандарбек З. <i>Түркі мемлекеттігінің құрылымдық жүйесінің Ясауи жолымен сабақтастығы</i> | 45 |
| Азиретбергенов Ж., Юлдашев М.М., Рахимов Ф., Рахимов Б.Ф., Аббазов И. <i>Новый взгляд на учение Ахмеда Ясави</i> | 52 |
| Мұстапаева Д. <i>XIX ғасырдағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және Түркістан</i> | 56 |
| Ясауи И. <i>Құл Қожа Ахмет Ясауи</i> | 60 |
| Елеусов Б.А. <i>Ахмет А. Қазіргі таңдағы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің мәні мен маңызы</i> | 69 |
| Оразов Т. <i>Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы дін және адам мәселесі</i> | 73 |
| Мырзабеков М.М. <i>Ясауи философиясында мағрифат мәселесі</i> | 81 |
| Демеев А., Бисенова Л.Е. <i>Маңғыстауда су пірі – сұлтан үпі</i> | 88 |
| Байболов Б.Қ. <i>Ақиқатқа жеткізер бірден бір жол – ғылым жолы</i> | 95 |
| Балтабаева Н.С. <i>Ясауи дүниетанымы және қазіргі діни көзқарастар</i> | 99 |
| Ералиева С. <i>Батыстың дінтану саласында төңкеріс жасаған – Карен Армстронгтың «Тәңір тарихы» еңбегі.</i> | 103 |
| Арынова Д.С. <i>Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген Байзақ датқа жайлы</i> | 113 |
| Жанысбаева А.И. <i>Қожа Ахмет Ясауидің түркі әлеміндегі рухани құндылықтарын қалыптастыруындағы алатын орны</i> | 116 |
| Өсетова К.А. <i>Мәңгілік мәңге ие болған хадистердің зерттелуі</i> | 121 |
| Тәжібаева З. <i>Мұсылман әлеміне әйгілі сопылық әдебиетінің ірі өкілі – Қожа Ахмет Ясауи</i> | 126 |
| Жүзбаева Г.Н. <i>Ясауи мұрасы</i> | 129 |

СЕКЦИЯ II. Рухани жаңғыру және Түркістан

| | |
|---|-----|
| Абдурахитов Е. <i>Рухани жаңғыру және Түркістан</i> | 133 |
| Демеев А., Бисенова Л.Е., Байискакова Қ.А. <i>Рухани жаңғыруда география ғылымының орны</i> | 139 |
| Байжұманова Б.Ш., Байжұманов Б.Ш. <i>Рухани жаңғыру және жастардың өзіндік санасы</i> | 143 |
| Таубаева М.Е., Мамашарипова Г.Ә. <i>Қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігінің негізгі факторы – ұлттық жаңғыру</i> | 147 |
| Орынбекова Ә.Ө. <i>Түркістан өңіріндегі киелі орындар</i> | 157 |

| | |
|--|-----|
| Омаралиев И.М. <i>Депортация ахыска турков</i> | 164 |
| Тлеубаев С.Ш., Қалшабек Б.Н. <i>Қазақ елінің киелі жерлері – рухани жаңғырудың негізі және мәдени туризмді дамытудың басты бағдары</i> | 170 |
| Байжігіт Ғ. <i>«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында музейдің отансүйгіштікке рухани тәрбие берудегі қызметінің маңызы</i> | 175 |
| Абдрасилов Б. <i>Қаздауысты Қазыбек бидің қазақ тарихындағы орны және оны дәріптеудің маңыздылығы</i> | 178 |
| Алдабергенова М.К. <i>Ортағасырлық Түркістан тарихы жазба деректер негізінде</i> | 182 |
| Әубәкір Ж. <i>Қазақ даласы және Фиельструп</i> | 189 |
| Елекенова Р.Ә. <i>Абай мен алаш арыстарына ортақ киелі қарашаңырақ</i> | 194 |

СЕКЦИЯ III. Киелі, қасиетті жерлер, мәдени туризм және музей ісі

| | |
|---|-----|
| Зехра Анбартепе. <i>Бурсадағы рухани туризмнің шоғырлану үлесі</i> | 199 |
| Шабан Думан. <i>Bursa vakıf kültürü müzesi ve bursa turizmine katkısı</i> | 203 |
| Габиба Алиева. <i>О предоставлении в Азербайджане священным местам статуса музея</i> | 207 |
| Шілдебаева Ж.М. <i>Тараз жауһарлары – тарих қойнауында</i> | 214 |
| Қалшабек Б.Н. <i>Туристтік тынығуды мәдени-тынығу қызметінің бірі ретінде дамыту</i> | 222 |
| Ысқақ Г.А. <i>Зергерлік өнердің мөрлік қызметі</i> | 225 |
| Сарбасов А.Т. <i>Киелі, қасиетті жерлер және мәдени туризм</i> | 229 |
| Уайсова Ш.Н. <i>Ведомственные музеи правоохранительных органов Республики Казахстан как туристические объекты (на примере ведомственного музея департамента внутренних дел г. Астана)</i> | 234 |
| Таңатаров Н. <i>Қазақстандағы археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді сақтау және музеефикациялау</i> | 239 |
| Бейсенбай Қ. <i>Оңтүстік Қазақстан аумағындағы археологиялық және архитектуралық-мемориалдық ескерткіштер</i> | 244 |
| Жолдасов Т. <i>Археологиялық қазба жұмыстары негізінде жүргізілген зерттеулер бойынша XV – XVI ғ. басындағы Түркістан аумағындағы ақша айналымы</i> | 250 |
| Құрманғалиев А.Қ. <i>Археологиялық ескерткіштерді аспан астындағы музейлендіру жұмысының маңызы</i> | 258 |
| Әубәкірова Н. <i>Дәстүр жалғастығы</i> | 261 |
| Егеубаева Ә.М. <i>Музей қорындағы «тұмарлы» құман-құмыралар</i> | 266 |
| Нұрханов Б. <i>Сығанақ қаласындағы 2012 ж. қазба жұмыстарының нәтижелері</i> | 270 |
| Салғараев М.Т. <i>Источники по изучению истории скифов в римский период</i> | 274 |
| Үркімбаева А. <i>Бесіктің жасалу ерекшеліктері және музей қорындағы бесіктердің тарихы</i> | 281 |
| Кәрім А. <i>Қаратаудың етегінде орналасқан «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты тарихи-мәдени ескерткіштердің зерттелуі</i> | 288 |
| Әділбаева Д.А. <i>Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және Д. А. Қонаев</i> | 293 |
| Садвакасов Д. <i>Экскурсовод – музей педагогы ретінде</i> | 295 |
| Жексенбаев О.А. <i>Музей жұмыстары жөнінде</i> | 299 |

Ыскақ Гүлназ Ақмолдақызы
«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» РМҚК
«Қор сақтау» ғылыми-зерттеу бөлімінің
аға ғылыми қызметкері, магистр

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРДІҢ МӨРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Әрбір халықтың өзге ұлттан дараланып, мән-мағынасына қарай ерекшеленіп, өзіндік болмысын беретін өнері болатыны белгілі. Өнер – бұл халықтың ұзақ уақыттық жемісінің нәтижесі. Атадан балаға беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әсемдікті, сұлулықты талап ететін өнер Қазақстан аумағында б.з.б. II мыңжылдықта пайда болған деседі. Ежелгі шығармашылық туындыларының өрнектік, техникалық ерекшеліктері көне түрік кезеңінде дамып, жаңаша сипатта қазақ халқына жеткен. Қазақ өнерінің ішінде терең ой мен мұқият төзімділікті қажет ететін – зергер туындысы зергерлік. Түрлі-түсті металдардан түйін түйіп, әшекей бұйымдар жасаумен айналысатын ұсталар немесе зергерлер қолданысына қарай басқа, мойынға, иыққа, қолға, белге және аяққа тағылатын сияқты бірнеше түрге бөлген. Әр түр өз ішінде де тәрбиелік, танымдық қызметіне қарай бірнеше типке бөлініп, атау берілген. Мұндай қайталанбас ұлттық қазынамызды жоғалтпай, өскелең ұрпақтың өткеніне ой салуына негіз беретін бірден-бір мекеме – музейлер. Биылғы жылғы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында берілген бағдарламалық мақаласындағы ең өзекті мәселе ұлттық сананы, яғни ұлттық кодты жоғалтпау болды. Бүгінде елімізде жинақтау, сақтау, ғылыми-ағарту және насихаттау жұмыстарымен айналысып келе жатқан барлық музейлерден қазақтың қолөнер, соның ішінде зергерлік бұйымдарды кездестіруге болады. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей қорында да түрлі бағытта жиналған түпнұсқа заттар жетерлік. Біз үшін қарапайым ғана заттың қоғамда қандай рөл атқарғандығына, нендей мақсатта қолданылғанына тоқталсақ.

Музей қорында кездесетін қолға тағатын зергерлік әшекейлердің ішінде жүзік, сақина, білезіктер коллекциясы өте көп. Олар бір-біріне қатты ұқсас болғанымен негізіне қондырылған көзіне, таңбаларына қарай атауы да өзгеріп отырған.

Жүзік – саусақ сұғатын шеңбері таза алтын не күмістен соғылып, саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз салынған, әртүрлі пішінде әзірленген алақаны бар, саусаққа сәндік үшін киілетін зергерлік бұйым. Шеті ою-өрнектермен безендіріледі. Алақанының беті өте сәнді де әрі әсем әшекейленгендіктен «жүзік» деп аталса керек. Яғни, бет, жүз, ажар дегеннен шығады. Ал, сақина сөзіндегі «сақ» түбірі берік, мықты, мығым деген мағынаны береді [1. 358 б.].

Жүзіктердің палеолит дәуірінде сүйектен, неолитте тастан, қола дәуірінде металдан жасалғандығы археологиялық қазба нәтижесінен белгілі. Мұндай зергерлер сәндік, әсемдік не болмаса байлық үшін ғана емес, елдің дипломатиялық байланысында жүзікте бедерленген қосымша мөрі маңызды қызмет атқарған.

Мөрлерді зерттейтін ғылым – сфрагистика (грек тілінен аударғанда «sphragis» – «мөртану» дегенді білдіреді) немесе сигиллография (латын тілінен аударғанда «сигиллум» – «мөр» мағынасында) деп аталады. Бұл ғылым саласы тарихи ғылыми қосалқы пәннің бөлімі деп есептеліп, геральдика, нумизматика, эпиграфика т.б. ғылымдарымен тығыз байланыста болды.

Сфрагистика ғылымы саласында жазылған Н.П.Лихачевтің "Дипломатика" (Из лекций по сфрагистике) деген көлемді зерттеуінде "сфрагистика" ғылымының шығу тарихына тоқталып, мөрді ішкі саяси дипломатиялық қатынастарда кеңінен пайдаланғанын нақтылап жазған [2, с. 332].

Қазақстан сфрагистика саласында жазылған көлемді ғылыми зерттеудің бірінде XVIII ғасырдың бірінші жартысы мен XIX ғасырдағы хандар мен сұлтандардың мөрлерін сипаттап жазған. Онда мөрдегі лауазымды тұлғалардың есімдері бойынша (өз есімі, қоғамдық титулы, ата тегі), мөрдің деректердегі қолданысы, мөрлердің көлемі, тарихи құжаттарға басылған мөрлердің тіркелген жері, күні, мөр басылған құжаттың сақталған орны, таңбаның публикациясымен немесе мөр белгісімен бірге құжаттың текстін толығымен беріп, олардың ерекшеліктерін қарастырған [3, с. 52].

Белгілі түркітанушы ғалым В.В.Радлов пен Е.Шаймерденовтің еңбектерінде де «мөр» сөзіне анықтама беріп, «тамға», «таңба» сөздерімен байланыстырады [4, 248 б.]. Сонымен қатар, XIX-XX ғасырлардағы жеке лауазымдық билік иелерінің құжаттары мен мөрлері туралы қазақ тарихында бірнеше еңбектер жазылған. Яғни, қазақ қоғамының саяси және экономикалық байланыстары, дипломатиясы мен жеке қызметтік қатынастары нақты деректермен айғақталады.

Ерте кезеңдерде тарихи оқиғаларды ойшылдар, даналар қағаз беттеріне түсіріп отырған, сол құжаттардың түпнұсқалығын дәлелдейтін, шынайылықты, сенімділікті арттыратын белгі ретінде – мөрлерді пайдаланған. Бұл дипломатика ғылымы үшін өте құнды құжат болып табылған.

Көне дәуірлердегі мөрлер әр түрлі формада жасала бастаған, әсіресе Антикалық кезеңде жүзікті мөрлер қолданылған. Жүзікті мөрлерді алғаш рет Мысыр елдерінде әр түрлі асыл тастармен әшекейлеп, қымбат бағалы металлдардан құйып жасаған. Атақты патша II Тутмостың алтыннан жасалған жүзікті мөрінің бетінде ироглифтер таңбаланған. Онда Хуву патшаның үлкен пирамиданы салғызғаны, және пирамиданы салған сәулетшінің есімі жазылған. Жүзіктердің қалқанында өрнектері және жазба белгілері көрсетілетін болған [5, с. 367]. Бізге жеткен мәліметтер бойынша Мысыр елінен кейін мөрлі жүзік эгейліктерде, гректерде, этрустарда, римдіктерде де қолданылған. Мұндай жүзіктердің көзіне көбінесе тас орнатылған (гауһар, лағыл, жақұт, құбыл тас т.б.) [1. 358 б.]. Ежелгі Римдіктердің қолдарында бір емес бірнеше жүзікті мөрлер болған, бірі құжат үшін, құпия хат үшін, әр түрлі қазыналарды сақтайтын қобдишаларға мөр соғу үшін және т.б. қолданған.

Қазақ дәстүрінде көзіне асыл тас орнатылған (кейде жазулы) алтын, күміс жүзіктерді қыз-келіншек, сал-серілер салса, жігіттер балдақ салған.

Бұрынғы заманда би, болыстардың мөр, қолтаңба орнына қолданылатын жүзіктері болды. Діни аңыздарда сиқырлы мөрлі жүзік Сүлеймен пайғамбарда болған. Бұл күндері өзінің аты-жөнінің басқы әріптері әдемілеп, оймыштап жазылған мөрлі жүзікті (перстень печать) көбіне ер адамдар салған [1. 359-360 б.б.]. Тағы бір зергерлікке қатысты зерттеулерде әкімшілік, қызметтік және әскери шендегі тұлғаларда өз аты-жөні жазылған мөрлі жүзік болған. Оның көзінде ойып түсірілген шекіме жазу бар, қол қоятын жерге соны басқан деп көрсетеді [6. 132 б.].

Орта ғасырларда ілінбелі мөрлер пайда болған. Жазба құжаттарда, пергаментте немесе қағаздың төменгі бөлігіне кішкене саңылау жасап оған лента немесе зығырдан бау жасап, бауға мөр жапсырлатын болған.

XVIII-XX ғасырлардағы құжаттарда отқа ысталып басылған мөрлер де кездеседі. Осындай таңбаны салу үшін металл немесе тас қалыпты отқа қақтап, әбден қарайғанда қағазға басқан. Бұл қалып қағазға қара таңба қалдырған, ал қалыпта ойылған өрнек немесе таңба ақ түс болып қалған. Мұндай мөрлер XVIII ғасырдағы қазақ хандарының орыс үкіметіне жазған хаттарында кездеседі.

XIX ғасырда «ысталған» мөрлерді болыс мүшелері, ауыл старосталары да пайдаланған. Айтып өткеніміздей біз үшін зерлі әшекей болып саналып келген бұйымның қоғамда оның жеке құнды зат міндетін атқарғанын зерттеу нәтижелерінен білуге болады.

Ауыл болыс-билерінің құжатты рәсімдеу барысында қолданған мөрлерінің жүзік сипатында болғандығын Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей қорында сақталған музей заттарынан көре аламыз. Арнайы күмістен құйып жасалған мөрлі жүзік ТК 329 нөмірімен тіркелген. Ауыл болысының мөрі пішіні жағынан тіктөртбұрышты болып келген. Негізгі бетіне араб әріпімен жазба теріс түсірілген. Араб әріпімен берілген жазбада «Әмірбекуғлы Ақбекет» деп болыстың есімі жазылған. Артқы беті қолға тағуға ыңғайландырылып, қарапайым жүзік пішінінде жасалған. Мөрдің диаметрі 1,5x1,5 см құрайды. Негізгі қызметтік борышын XIX ғасырларда атқарған деп топшыланады. Десек те, болыстың есімі анықталғанымен, қай ауыл болысы екендігі және музейге қай уақытта түсіп, кімнің тапсырғандығы жөнінде нақты деректер жоқ.

Отырар музей қорындағы мөрлі жүзік коллекциясына кіретін ТК 4337 нөміріндегі XIX-XX ғасырларға жататын зат күмістен соғылған. Жүзік беті дөңгелек пішінде тереңдеу болып келген, үстіндегі басатын мөрі түсіп қалған. Жүзік бүйірінде қолға ұстап, басуға ыңғайлы етіп жасалған дөңгелекше тетігі бар. Жүзік бүйіріне майда сызықтар түсірілген және бетінің дм – 1,5 см, жалпақтығы – 0,8 см, саусақ сұғар жерінің дм – 1,9 см құрайды.

Зергерлік бұйымдардың ішінде жүзіктермен қатар, ерекше көзге түсетін күміс бетіне тастар қондырылған жұмыр білезікті айта аламыз. Бұған дейін музейдің этнография залында орын алған аталмыш білезік басқа экспонаттардың арасынан өзін көрсете алмауы мүмкін. Бірақ, бетіндегі бес коралл тасының біріне түскен жазуды аңғарғаннан кейін оның өз заманында құнды болғанын білуге болады. Білезік – қос білезік түріне жатады, өйткені сол құйма бетіне бедерленген өрнектері мен

тастары орналасқан сынары бар. Ал, арап әріпімен берілген жазу біреуінде ғана кездеседі.

Зерттеулерде білезік – әйел адамдардың білек буынына тағатын әшекейлі, сәнді бұйымы ретінде көрсетсе, «білезік» сөзінің шығу төркінін – білек және жүзік сөздерінен құралған деп тұжырымдайды.

Білезік қымбат металдардан жасалады. Көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады, асыл тастардан көз орнатылады, алтын немесе күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап та соғады. Білезіктер жасалған материалы мен жасалған түр-тұлғасына қарай алтын, күміс, сом, сағат, құйма, бұрама, топсалы және қос, жұмыр, бес білезік сияқты т.б. түрлерге бөлінеді [1. 361 б.].

Отырар музей қорында жоғарыда көрсеткен ТК 6961 нөмірімен тіркелген күміс білезіктің бетіндегі бес тас көздің мөр екіншісіне нақышталған. Таста «Қойлығар би салат 1101...» деген араб әріпіндегі жазу берілген. Білезікке жапсырма арқылы «ирек», сіркелеу арқылы «үш бұрыш» өрнектері безендірілген. Екі жиегінде үш қатар етіп арқан тәрізді сым жапсырма жүргізілген. Білезіктің екі басы төрт жыланбас өрнекпен аяқталған. Мөрлі білезік 1790-1791 жылдарға жатқызылады. Дм – 6,5 см, 1 см қалыңдықта, жалпақтығы – 3,5 см құрайды.

Бүгінде атаулы зергерлік бұйымдарға мөр қызметін атқаратын таңба түсірілмесе де, әшекей бұйымдарға сұраныс бойынша арнайы таңбалар түсіру әдетке айналған.

Мөрлерді қай жағынан оқып, зерттесеңіз де ойыңыздың зерттеу дерегі тарихи-дипломатиялық біліміңізге сай келеді. Әсіресе, сфрагистика ғылымының тереңінен зерттелуі, ХІХ ғасырдың екінші жартысы болып есептеледі. Әлемдік сфрагистика ғылымында мөрлердің бізге берген әр түрлі көрсеткіші айтарлықтай қызықты пәнді жасады. Ғылымды тереңінен тану үшін біз музей қорындағы мөр қызметінде пайдаланылған әрбір затты зерттеуге мүмкіндік алдық. Тіпті, әсем, сұлу бейнеде тұтынған қазақтың зергерлік өнерінің де қоғамда саяси-дипломатиялық тұрғыда құнды зат болып саналғандығын тарихи деректер негізінде көрсеттік. Болашақта музейдің әрбір құндылықтарын тарихи оқиғаның шындығын дәлелдеу барысында зерттеп, насихаттаймыз деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazkh people. / Құраст.б. Хинаят, А. Сужикова. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 б.
2. Лихачев Н. П. Дипломатика (из лекций по сфрагистике). – Москва: ГПИБ, 2001 г.
3. Ерофеева И. В. Қазақ мемлекеттігінің рәміздері (кейінгі орта ғасыр және жаңа заман). – Алматы: Арқайым, 2001 ж.
4. Шаймерденов Е. Ш. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. – Алматы: Жеті жарғы, 2001 ж.
5. Янин В. Л. Актовые печати древней руси X-XV в. в. Т-1. – Москва: Наука, 1970 г.
6. Тоқтабаева Ш. Ж. Қазақтың зергерлік өнері. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 б.